

"Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінім беру мерзімдерін және Петропавл қаласында 2012 жылы басым ауылшаруашылық дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы" Петропавл қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 631 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 23 шілдедегі N 1398 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 21 тамызда N 13-1-231 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы N 75 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 21.01.2013 N 75 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Субсидия алушылардың тізіміне қосуға өтінім беру мерзімдерін және Петропавл қаласында 2012 жылы басым ауылшаруашылық дақылдарын егудің оңтайлы мерзімдерін анықтау туралы» Петропавл қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 631 қаулысына (2012 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 13-1-216 тіркелген, «Қызылжар нұры» газетінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 19, «Проспект СК» газетінің 2012 жылғы 18 мамырдағы № 20 сандарында жарияланған) мынадай мазмұндағы өзгеріс енгізілсін:
кіріспе сөз жаңа редакцияда мазмұндансын:

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 38-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:».**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Б.

Б а й б а қ т и н о в қ а

ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Б. Жұмабеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК